

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1999 жылғы 22 қараша N 485-I

1-бап. Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" 1995 жылғы 24 сәуірдегі Z952235_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат; N 12, 88-құжат; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180, 181-құжаттар; N 11-12, 257-құжат; N 15, 281-құжат; N 23-24, 416-құжат; 1997 ж., N 4, 51-құжат; N 7, 82-құжат; N 10, 112-құжат; N 11, 144-құжат; N 12, 184, 188-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 20, 263-құжат; N 22, 333-құжат; 1998 ж., N 4, 45-құжат; N 14, 197, 201, 202-құжаттар; N 23, 425-құжат; N 24, 436, 442, 445-құжаттар; 1999 ж., N 6, 192, 193-құжаттар; 1999 жылғы 29 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 1999 жылғы 30 шілде мен 3 тамызда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының салық салу мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Z990440_ Қазақстан Республикасының Заңы; 1999 жылғы 4 тамызда "Егемен Қазақстан" және 1999 жылғы 5 тамызда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының инвестициялар мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 2 тамыздағы Z990466_ Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 5-бап мынадай мазмұндағы 49) тармақшамен толықтырылсын:

"49) "грант" - белгілі бір мақсаттарға (міндеттерге) жету үшін Қазақстан Республикасына, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, заңды тұлғаларға (оның ішінде резидент еместерге), олардың филиалдарына, өкілдіктеріне және өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелеріне, сондай-ақ жеке адамдарға мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері, мемлекеттік, халықаралық және қоғамдық ұйымдар мен жеке адамдар қайтарылмайтын негізде беретін мүлік.";

2) 6-баптың 1-тармағының үшінші бөлігіндегі "тиісті бюджеттерге" деген сөздер "Астана, Алматы қалаларының тиісті бюджеттеріне немесе облыстардың бюджеттеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 11-баптың бірінші бөлігінде:

1) тармақша "өнімді" деген сөздің алдынан "борышкерге тағылған немесе ол мойындаған айыппұлдарды, өсімақылар мен санкциялардың басқа да түрлерін ескере

отырып," деген сөздермен толықтырылсын;

13) тармақшадағы "талаптарды" деген сөз "міндеттемелерді" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 13-баптың 9) тармақшасындағы "заңды және" деген сөздер алып тасталсын;

5) 32-бапта:

1-тармақта:

"және төлем көздерінде осы салықтың төленгенін растайтын құжаттар болғанда бұдан әрі салық салуға жатпайды" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Төлем көздеріне осы салықтың ұсталып қалғанын растайтын құжаттар болған кезде ұсталып қалған салықтың сомасы салық жылы үшін салық төлеушіге есептелген табыс салығы есебіне жатқызылады.";

2-тармақтағы "мемлекеттік (ұлттық) лотерея бойынша ұтыстардан басқа" деген сөздер "және төлем көздеріне осы салықтың ұсталып қалғанын растайтын құжаттар болған кезде одан әрі салық салуға жатпайды." деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 34-бапта:

1-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) акцизделетін тауарлар өндіру мен өткізуден, сондай-ақ сауда-делдалдық қызметтен түскен кірістерді қоспағанда, Ауғанстан соғысы ардагерлерінің Қазақ республикалық ұйымы (кәсіпорындарсыз);";

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) Қазақстан Республикасы мүгедектері ерікті қоғамының, Асырауында балалары бар мүгедек аналардың республикалық қоғамының ("Бибі-Ана"), Қазақ зағиптар қоғамының, Қазақ саңыраулар қоғамының, Ақыл-есі мен дене бітімі кеміс балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және оларды еңбекпен оңалту орталығының, Қазақстан Республикасының Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамының, Қазақстан Республикасы "Чернобыль" одағының, сондай-ақ олардың өндірістік ұйымдарының кірістері (акцизделетін тауарлар өндіру мен өткізуден, сондай-ақ сауда-делдалдық қызметтен түскен кірістерді қоспағанда), егер осындай ұйымдар мынадай шарттарға сәйкес келсе:

мүгедектер осындай өндірістік ұйымдар қызметкерлері жалпы санының кем дегенде 30 процентін құраса;

мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу қоры жалпы еңбекке ақы төлеу қорының кем дегенде 30 процентін құраса;

осы тармақшада аталған қоғамдардың (Одақтың, Орталықтың) меншігі болып табылатын және толығымен солардың қаражаты есебінен құрылған болса;

алынған кірістер оларды құрған қоғамдардың (Одақтың, Орталықтың) жарғылық

мақсаттарын іске асыруға жұмсалады;"

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) "Байқоңыр" кешені объектілерінің мүлкі негізінде құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорын, негізгі қызметпен байланысты кіріс бойынша;"

3-тармақтағы "зейнетақы активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырудан алынған инвестициялық табыс есебінен қалыптасқан жинақтаушы зейнетақы қорларынан төленетін зейнетақы төлемдері" деген сөздер алып тасталсын;

7) 39-баптың 1-тармағының бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

"Егер шетелдік заңды тұлғаның жарғылық капиталының 10 процентінен астамы тікелей және жанама түрде резидентке тиесілі болса немесе ол өз кезегінде елде жеңілдікпен салық салу арқылы кіріс келтіретін осы заңды тұлғаның дауысқа ие акциясының 10 процентінен астамын алса, заңды тұлға кірісінің резидентке тиесілі осы бөлігі оның салық салынатын кірісіне енгізіледі.";

8) 49-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы ", олардың осы Заңның 6-бабының 7-тармағына сәйкес дербес салық төлеушілер болып табылатын филиалдары, өкілдіктері мен өзге де оқшауланған құрылымдық бөлімшелері" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 61-бапта:

1-тармақта:

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) Қазақстан Республикасы мүгедектері ерікті қоғамының, Қазақ зағиптар қоғамының, Қазақ саңыраулар қоғамының, сондай-ақ олардың өндірістік ұйымдарының тауар өткізу (жұмыс, қызмет көрсету) жөніндегі айналымдары (сауда-делдалдық қызмет арқылы тауар өткізу (жұмыс, қызмет көрсету) жөніндегі айналымдарды және акцизделетін тауарларды өндіру мен өткізу жөніндегі айналымдарды қоспағанда), егер бұл ұйымдар мынадай шарттарға сәйкес келсе:

мүгедектер мұндай өндірістік ұйымдар қызметкерлері жалпы санының кем дегенде 30 процентін құраса;

мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу қоры жалпы еңбекке ақы төлеу қорының кем дегенде 30 процентін құраса;

осы тармақшада аталған қоғамдардың (Одақтың, Орталықтың) меншігі болса және толығымен солардың қаражаты есебінен құрылған болса;

алынған кірістер оларды құрған қоғамдардың (Одақтың, Орталықтың) жарғылық мақсаттарын іске асыруға жұмсалады;"

14) және 16) тармақшалар "шығару және" деген сөздерден кейін "(немесе)" деген сөзбен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

"18-1) "Байқоңыр" кешені объектілерінің мүлкі негізінде құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорын көрсететін қызмет;"

мынадай мазмұндағы 23) тармақшамен толықтырылсын:

"23) мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері және халықаралық ұйымдар желісі бойынша берілетін гранттар қаражатының есебінен жүзеге асырылатын тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өткізу жөніндегі айналымдар.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері және халықаралық ұйымдар желісі бойынша берілетін гранттар қаражатының есебінен сатып алынатын тауарлардың импорты;"

10) 62-бап "көзделгеннен басқа жағдайларда" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ тауарларды Қазақстан Республикасына экспорттау кезінде бағаны қосылған құн салығын ескере отырып қолданатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерге тауарларды экспорттау жағдайында" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 68-бапта:

1-тармақтың екінші бөлігіндегі "осы Заңның 73-бабының тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда," деген сөздер алып тасталсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Заңды және жеке тұлғалар бағалы қағаздарды сату-сатып алу жөніндегі мәмілелерді жүзеге асырған кезде сату жөніндегі айналымның жалпы сомасына бағалы қағаздарды сату кезінде алынған құнның өсімі енгізіледі.";

12) 69-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) акциз сомасы (акцизделетін тауарлар бойынша);";

13) 70-баптың 3-тармағының екінші бөлігі "материалдарға" деген

сөзден кейін ", сондай-ақ импортталатын суға, газға және электр энергиясына" деген сөздермен толықтырылсын;

14) 72-бапта:

"онкүндік", "онкүндіктегі" деген сөздер алып тасталсын;

1-тармақта:

"ең төменгі айлық жалақы" деген сөздер "айлық есептік көрсеткіш" деген сөздермен ауыстырылсын;

"ағымдағы онкүндік" деген сөздер "есепті кезеңнің өткен күндеріндегі" деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 77-баптың бірінші бөлігі "немесе" деген сөзден кейін "белгіленген мөлшерде" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 94-1-баптың 1-тармағының 2) тармақшасы "роялти," деген сөзден кейін "әлеуметтік салық," деген сөздермен толықтырылсын;

17) 101-баптың 2-тармағындағы "ең төменгі" деген сөздер алып

тасталсын;

18) 104-7-баптың 3-тармағының 1) тармақшасы "заңды тұлғалар" деген сөздерден кейін "және заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке адамдар" деген сөздермен толықтырылсын;

19) 104-8-баптың үшінші бөлігіндегі "тиісті бюджеттерге" деген сөздер "Астана, Алматы қалаларының тиісті бюджеттеріне немесе облыстардың бюджеттеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 104-9-бапта:

1-тармақтағы "21 процент" деген сөздер "26 процент" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Мемлекеттік мекемелер әлеуметтік салықты еңбекке ақы төлеу қорынан 25,5 проценттік ставка бойынша әлеуметтік салық төлейді.";

2-тармақтағы "Мемлекеттік мекемелер және" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Шаруа (фермер) қожалықтарын, сондай-ақ заңды тұлға құрмай патент негізінде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғаларды қоспағанда, заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке адамдар әрбір қызметкері үшін айлық есептік көрсеткіштің 60 проценті, сондай-ақ осы Заңға сәйкес шегерім жасауға жатпайтын шығындарды қоспағанда, табыс алумен байланысты шығындарды алып тастағандағы айлық табыстың қосымша 10 проценті мөлшерінде әлеуметтік салық төлейді.

Заңды тұлға құрмай патент негізінде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке адамдар әрбір қызметкер үшін айлық есептік көрсеткіштің 49 проценті, сондай-ақ патент құнын анықтау кезінде мәлімделген салық салынатын болып жорамалданған айлық табыстың қосымша 5 проценті мөлшерінде әлеуметтік салық төлейді.

Шаруа (фермер) қожалықтары шаруа (фермер) қожалығының әрбір қызметкері, басшысы және шаруа (фермер) қожалығының әрбір мүшесі үшін айлық есептік көрсеткіштің 35 проценті мөлшерінде әлеуметтік салық төлейді.";

21) 104-10-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бірыңғай жер салығын төлеушілер бірыңғай жер салығын төлеу үшін осы Заңда белгіленген мерзімдерде есепті кезеңнің әрбір айына әлеуметтік салық төлейді.";

1-тармақта:

"осы есепті кезеңде" деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Жұмысқа уақытша жарамсыздығы бойынша, жүктілігі мен бала тууы бойынша

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тағайындалған жәрдемақылардың есепті кезеңнің еңбекке ақы төлеу қорының 1,5 процентінен асатын сомасы келесі есепті кезеңдерге ауыстырылады және осы тармақта белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекемелер есептеген соманы азайтады.";

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Бірыңғай жер салығын төлеушілер бірыңғай жер салығы бойынша декларация табыс ету үшін осы Заңда белгіленген мерзімдерде әлеуметтік салық бойынша декларация табыс етеді.";

3-тармақ "Төленген" деген сөздің алдынан "Есептелген шекте" деген сөздермен толықтырылсын;

22) 123-баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) "Байқоңыр" кешені объектілерінің мүлкі негізінде құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорын "Байқоңыр" кешеніне енгізілген жер учаскелері бойынша;"

23) 129-бап мынадай мазмұндағы 8-2) тармақшамен толықтырылсын:

"8-2) "Байқоңыр" кешені объектілерінің мүлкі негізінде құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорын "Байқоңыр" кешенінің объектілері болып табылатын көлік құралдары бойынша;"

24) 134-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) "Байқоңыр" кешені объектілерінің мүлкі негізінде құрылған республикалық мемлекеттік кәсіпорын "Байқоңыр" кешенінің объектісі болып табылатын мүлік бойынша;"

25) 138-баптың 1-тармағының үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Бұл орайда патент беру заңды тұлға құрған кезден бастап бір айдың ішінде жүзеге асырылатын күнтізбелік жыл ішінде құрылған заңды тұлғаларды қоспағанда, патент беру тұтас алғанда салық жылына күнтізбелік жылдың екінші айының 1-күніне дейін жүзеге асырылады.";

26) 142-баптың 2-тармағы 3) тармақшасының үшінші бөлігіндегі "акцизделетін өнімді" деген сөздер "акцизделетін тауарларды (темекі бұйымдарынан басқасын)" деген сөздермен ауыстырылсын;

27) 151-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "артығын" деген сөздер "артық төленген салық сомасын" деген сөздермен ауыстырылсын;

28) 154-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Салық төлеуші салық қызметі органдарының тексеру актісі бойынша есептелген салықпен, алыммен, басқа да міндетті төлемдермен, айыппұлдармен және өсімақылармен келіскен жағдайда, салық төлеушінің аталған сомаларды төлеу мерзімдері 60 күнге ұзартылады және оларды салық төлеуші еркін нысанда жасап,

аумақтық салық органымен келісілген графикке сәйкес салық төлеуші осы кезең ішінде әрбір 15 күн сайын теңбе-тең үлестермен төлеп отыруға тиіс.

Осы тармақтың ережелеріне сәйкес салық қызметі органдарының тексеру актісі бойынша есептелген салық, алым, басқа да міндетті төлемдер, айыппұлдар мен өсімақылар төлеу мерзімін ұзарту салық төлеушіні осы Заңның 152-бабының 1-1-тармағында және 70-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, бюджетке төленетін салық жарнасын уақтылы төлемегені үшін өсімақы төлеуден босатпайды.

Осы тармақтың ережелері салық қызметі органдарының тексеру актісі бойынша есептелген акциз сомасына және заңды тұлғалардың кірісінен төлем көзінен ұсталып қалуға тиісті табыс салығына қатысты қолданылмайды.

Салық төлеуші тексеру актісі бойынша есептеліп, өтеу графигімен белгіленген салықты, алымды, басқа да міндетті төлемдерді, айыппұлдар мен өсімақыларды төлеу мерзімдерін бұзған жағдайда, өтеу графигінің әрекеті тоқтатылады да, аумақтық салық органдары тексеру актісі бойынша есептелген және төленбеген сомаларды салық төлеушінің банк шотынан өндіріп алады."

2. "Бюджет жүйесі туралы" 1999 жылғы 1 сәуірдегі Z990357_ Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 7, 225-құжат; 1999 жылғы 29 шілдеде "Егемен Қазақстан" және 1999 жылғы 30 шілде мен 3 тамызда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының салық салу мәселелері бойынша кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 16 шілдедегі Z990440_ Қазақстан Республикасының Заңы; 1999 жылғы 21 тамызда "Егемен Қазақстан" және 1999 жылғы 24 тамызда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1999 жылғы 26 шілдедегі Z990463_ Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 7-баптың 1) тармақшасының а) тармақшасы мынадай мазмұндағы жиырма бесінші абзацпен толықтырылсын:

"заңды тұлға құрмай, патент негізінде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке адамдар, шаруа (фермер) қожалықтары, Ақыл-есі мен дене бітімінің кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және оларды еңбекпен оңалту орталығы, Зейнеткерлердің республикалық "Ардагер" кәсіпорындар бірлестігі, сондай-ақ осы бірлестіктің меншігі болып табылатын және соның қаражаты есебінен құрылған, зейнеткерлер ғана жұмыс істейтін өндірістік, оқу-өндірістік ұйымдары, "SOS - Қазақстанның балалар қалашықтары" балалар қайырымдылық қоры, Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамы, Ауғанстандағы соғыс ардагерлерінің Қазақ республикалық ұйымы кәсіпорындарының республикалық бірлестігі (өндіріс ұйымдарынсыз), Ауғанстандағы соғыс мүгедектерінің ерікті қоғамы (өндіріс ұйымдарынсыз), Қазақстан Республикасы мүгедектерінің ерікті қоғамы, Қазақ

саңыраулар қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және солардың қаражаты есебінен құрылған, жұмыс істейтіндердің жалпы санының кемінде 50 процентін мүгедектер құрайтын өндірістік, оқу-өндірістік ұйымдары, асырауында балалары бар мүгедек аналардың "Бибі-Ана" республикалық қоғамы, психикасы мен дене бітімі дамуында ауытқулары бар мүгедектер мен балаларға қамқорлық жөніндегі "Ақ бота" қоғамдық бірлестіктер Лигасы төлеген әлеуметтік салықты, сондай-ақ еңбек қызметіне рұқсат бойынша Қазақстан Республикасына уақытша келген шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың еңбегіне ақы төлеу бөлігінде төленген әлеуметтік салықты қоспағанда, әлеуметтік салық - 19,2%";

2) 11-баптың 1) тармақшасы а) тармақшасының он бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"заңды тұлға құрмай, патент негізінде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке адамдар, шаруа (фермер) қожалықтары, Ақыл-есі мен дене бітімінің кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және оларды еңбекпен оңалту орталығы, Зейнеткерлердің республикалық "Ардагер" кәсіпорындар бірлестігі, сондай-ақ осы бірлестіктің меншігі болып табылатын және соның қаражаты есебінен құрылған, зейнеткерлер ғана жұмыс істейтін өндірістік, оқу-өндірістік ұйымдары, "SOS - Қазақстанның балалар қалашықтары" балалар қайырымдылық қоры, Қызыл Жарты Ай және Қызыл Крест қоғамы, Ауғанстандағы соғыс ардагерлері Қазақ республикалық ұйымы кәсіпорындарының республикалық бірлестігі (өндіріс ұйымдарынсыз), Ауғанстандағы соғыс мүгедектерінің ерікті қоғамы (өндіріс ұйымдарынсыз), Қазақстан Республикасы мүгедектерінің ерікті қоғамы, Қазақ саңыраулар қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және солардың қаражаты есебінен құрылған, жұмыс істейтіндердің жалпы санының кемінде 50 процентін мүгедектер құрайтын өндірістік, оқу-өндірістік ұйымдары, асырауында балалары бар мүгедек аналардың "Бибі-Ана" республикалық қоғамы, психикасы мен дене бітімі дамуында ауытқулары бар мүгедектер мен балаларға қамқорлық жөніндегі "Ақ бота" қоғамдық бірлестіктер Лигасы төлеген әлеуметтік салықты, сондай-ақ еңбек қызметіне рұқсат бойынша Қазақстан Республикасына уақытша келген шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың еңбегіне ақы төлеу бөлігінде төленген әлеуметтік салықты қоспағанда, әлеуметтік салық - 80,8 %;

заңды тұлға құрмай, патент негізінде кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар, шаруа (фермер) қожалықтары, Ақыл-есі мен дене бітімінің кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және оларды еңбекпен оңалту орталығы, Зейнеткерлердің республикалық "Ардагер" кәсіпорындар бірлестігі, сондай-ақ осы бірлестіктің меншігі болып табылатын және соның қаражаты есебінен құрылған, зейнеткерлер ғана жұмыс істейтін өндірістік, оқу-өндірістік ұйымдары, "SOS - Қазақстанның балалар қалашықтары" балалар қайырымдылық қоры, Қызыл Жарты

Ай және Қызыл Крест қоғамы, Ауғанстандағы соғыс ардагерлерінің Қазақ республикалық ұйымы кәсіпорындарының республикалық бірлестігі (өндіріс ұйымдарынсыз), Ауғанстандағы соғыс мүгедектері ерікті қоғамы (өндіріс ұйымдарынсыз), Қазақстан Республикасы мүгедектерінің ерікті қоғамы, Қазақ саңыраулар қоғамы, Қазақ зағиптар қоғамы, сондай-ақ осы қоғамдардың меншігі болып табылатын және солардың қаражаты есебінен құрылған, жұмыс істейтіндердің жалпы санының кемінде 50 процентін мүгедектер құрайтын өндірістік ұйымдары, асырауында балалары бар мүгедек аналардың "Бибі-Ана" республикалық қоғамы, психикасы мен дене бітімі дамуында ауытқулары бар мүгедектер мен балаларға қамқорлық жөніндегі "Ақ бота" қоғамдық бірлестіктер Лигасы төлеген әлеуметтік салық, сондай-ақ еңбек қызметіне рұқсат бойынша Қазақстан Республикасына уақытша келген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдардың еңбегіне ақы төлеу бөлігінде төлеген әлеуметтік салық - 100 %;".

2-бап. Осы Заң:

осы Заңның 1999 жылғы 1 сәуірден бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабының 1-тармағы 21) тармақшасының төртінші-жетінші абзацтарын;

осы Заңның 1999 жылғы 29 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-бабының 1-тармағы 21) тармақшасының екінші, үшінші, сегізінші және тоғызыншы абзацтарын және 26) тармақшасын;

осы Заңның 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін

1-бабының 1-тармағы 4) тармақшасын, 5) тармақшасының үшінші абзацын, 6) тармақшасының үшінші-алтыншы абзацтарын, 7) тармақшасын, 9) тармақшасының үшінші, төртінші абзацтарын қоспағанда, жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Осы Заңның 1-бабы 1-тармағының 20) тармақшасы мен 2-тармағы 2002 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Оқығандар:

Қасымбеков Б.А.

Багарова Ж.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК